

**«Қазақ ұлттық аграрлық университеті»  
коммерциялық емес акционерлік қоғамы**

**Бекітемін**  
Тәрбие және әлеуметтік  
жұмыстар жөніндегі проректор  
Ж. Дауренбаева  
«\_\_\_\_\_»\_\_\_\_\_2020ж.

**Қазақ ұлттық аграрлық университетінің  
факультеттер арасында өткізілетін  
«1+1» сайысының  
ЕРЕЖЕСІ**

**Дайындаған:**

Жастар саясаты бөлімінің бастығы

Н.Аубакиров

**Келісілді:**

Студенттік кәсіподақ комитетінің төрағасы

Ә.Сманов

**Алматы, 2020 ж**

## **1. Сайыстың мақсаты**

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы және Волонтерлар жылы аясында өткізілетін «1+1» сайысының басты мақсаты – оқытушылар мен студент жастар арасындағы қарым-қатынасты нығайту, университеттің 90 жылдық тарихы мен дәстүрлерін білуге құлшынысын арттыру.

### **Сайыстың міндеттері**

1. Жастардың белсенді азаматтық ұстанымын қалыптастыру;
2. Өз университетіне деген мақтаныш сезімін арттыруға және оның тарихын терең білуге баулу;
3. Студенттердің және оқытушылардың шығармашылық ізденістерін қолдау;
4. Қатысушылардың бойында рухани құндылықтарды арттыру;
5. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру;
6. Әртүрлі бағытта өз өнерлерін көрсетуге құлшынысын арттыру.

## **2. Сайыстың өткізілу тәртібі**

- 1 Сайысқа университеттің әрбір факультетінен 1-4 курста оқитын бір студенттен және бір куратордан құралған команда қатысады. Сайыс Жастар саясаты бөлімінің ұйымдастырылуымен өткізіледі.
- 2 Ұйымдастыру комитеті сайыстың қазылар алқасын бекітіп, жүлделер қорын анықтайды.
- 3 Ұйымдастыру комитеті сайыстың өту кестесін дайындап, бекітеді.
- 4 Ұйымдастыру комитеті сайыс жеңімпаздарын марапаттау рәсімін ұйымдастырады.
- 5 Ұйымдастыру комитеті сайысты өткізуге қатысты басқа да мәселелерді шешеді
- 6 Әр кезең бойынша материалдар алдын-ала тексеріледі. Таныстыру еркін форматта (фантастика, драма, комедия, мелодрама, боевик, триллер жанрлары және т.б.бойынша) өтеді.
- 7 Өнер сайысы бойынша 2020 жылдың 7- ақпанда командалардың өнері тексеріледі.
- 8 Өнер сайысында командалар еркін тақырып бойынша жарысады.
- 9 Берілген уақыттан асып, рұқсат етілмеген материал көрсетілсе, ұпай шегертіледі.
- 10 Сайыс жайлы толық мәлімет ҚазҰАУ сайтында, әлеуметтік желілерде жарияланады.

### **3. Сайыстың қазылар алқасы**

1. Қазылар алқасының құрамына университет басшылығы, мәдениет және өнер қызметкерлері, жастар ұйымдарының өкілдері енеді. Жалпы саны 5 адамнан аспайды. Конкурстық байқау кезінде қазылар алқасының бір немесе бірнеше мүшесі дәлелді себеппен қатыспай қалған жағдайда ұйымдастыру комитеті қосымша тізіммен мүшелер санын толықтыруға құқылы.
2. Қазылар алқасының шешімі қайта қаралмайды және хаттамамен рәсімделеді.
3. Қазылар алқасы арнайы сыйлық немесе ынталандыру сыйлығын тағайындауға құқылы.
4. Сайыс аяқталғаннан кейін қазылар алқасы қорытындысын шығарып, жеңімпаздарды анықтайды және марапаттайды.

### **4. Сайыс кезеңдері**

**I кезең - Таныстыру (5 минут).** Таныстыру кезеңінде команда фантастика, драма, комедия, мелодрама, боевик, триллер жанрының бірін таңдай отырып, өздерін, факультеттерін, студенттік өмір мен оқытушылық саланы көңілді етіп, еркін форматта таныстырады. Таныстырудың позитивтілігі, өміршеңді көңіл-күй сыйлауы, идеяның жаңашылдығы ескеріледі.

**II кезең - Өнер сайысы (5 мин).** Факультеттер еркін тақырыпта бақ сынайтын болады. Өздерінің таңдаған тақырыптар бойынша көрініс көрсетеді.

### **5. Сайысты қаржыландыру көздері**

Сайысты ұйымдастыру және өткізуге байланысты шығындар (жұлделер қоры, сахнаны безендіру) студенттік кәсіподақ комитеті қаржысы есебінен өтеледі.

### **6. Сайыстың қорытындысын шығару және жеңімпаздарды марапаттау**

1. Барлық номинациялар бойынша жеңімпаздар грамоталармен және бағалы сыйлықтармен марапатталады.
2. Қазылар алқасы әрбір номинация бойынша конкурстық жұмысты 10-балдық жүйемен бағалайды.
3. Жеңімпаздарды марапаттау салтанатты түрде 2020 жылдың 12-ақпан күні өтеді. Өтетін орны - бас ғимараттың АКТ залы.
4. Конкурс қорытындысы университет сайтында және әлеуметтік желіде жарияланады.

5. Көрсетілген нәтиже бойынша 3 жүлделі орын және 3 номинация анықталады.

**1- жүлделі орын**

**2- жүлделі орын**

**3- жүлделі орын**

**1- номинация – «ҮЗДІК КУРАТОР» номинациясы**

**2- номинация – «ҮЗДІК СТУДЕНТ» номинациясы**

**3- номинация – «КӨРЕРМЕН КӨЗАЙЫМЫ» номинациясы**

(инстаграм желісіндегі дауыс беру нәтижесі бойынша)

**Сайыстан бөлек ең үздік жанкүйерлер тобына бағалы сыйлықтар беріледі.**

## **7. Сайыс жеңімпаздарын марапаттау**

1- жүлделі орынға: **30 000** тенге сертификаты.

2- жүлделі орынға: **20 000** тенге сертификаты.

2- жүлделі орынға: **15 000** тенге сертификаты.

Жүлделі орындардан басқа номинацияны жеңіп алған командалар арнайы сыйлықтармен және мақтау қағазымен марапатталады.